

Бала өмірінің қауіпсіздігі маңызды

Бала өмірінің қауіпсіздігі маңызды

Отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана - сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар - ожданы мол, еңбекқор, білімді азаматты тәрбиелеу. Бала да жас терек сияқты, қалай тәрбиелесең, жастан қандай тәрбие берсең, ертең есейгенде жас кезіндегі алған тәрбиесі өміріне негіз болмақ. Ата - ана бала қауіпсіздігін сақтауды ең бірінші орынға қою керек.

Күн сайын еліміздің қалаларында, ауылдарында автокөліктер саны өскен сайын жол апаттары да арта түсуде. Жол көлік оқиғалары жөніндегі деректерге зер салсақ, қалалық жерлерде жаяу жүргіншілердің кінәсінен болатын оқыс оқиғалар саны едәуір көп. Оның ішіндегі жас балалардың апатқа жи ұшырайтыны: жастай өмірмен қоштасып, орны толмас өкінішке әкелетіні немесе ауыр жаракат алып, кейбірі өмірлік мүгедек болып қалуы мүмкін. Оның себептері: көптеген оқушылар жолда жүру ережесін сақтай білмеуінде. Олар көбіне ереже талабын бұзып, асығыстық жасап, жүгіріп өтуге ұмтылады. Асыға жолға жүгіріп шыққан баланың қауіпке ұшырайтыны, өзіне ғана емес, өзгенің де өміріне қатер төндіретіні баршаңызға мәлім. Осындай оқиғаларды болдырмас үшін мектепте мұғалім, үйде ата - ана балаға үнемі жолда жүру ережесін ескертіп отыруы міндетті. Әдетте кез келген ата - ана балаларды мектепке шығарып саларда «жолдан жүгіріп өтуші болма, машина қағып кетеді» деген ескертуден аса алмайды. Бұл - әрине, жеткіліксіз.

Бастауыш сынып оқушысы үшін үйден мектепке дейінгі жол қыындықтарын білуі тиіс. Сол үшін ата - анасы баласына жол - жөнекей кездесетін қыындықтарға, жол белгілеріне көңіл бөліп, үйреткені дұрыс. Жол көлікпен қатынасатын оқушыға ата - анасы жол қыылыштарынан өтуді, көлік толық тоқтағанда түсіп, мінүіне болатынын, өз аялдамасын дұрыс білуін, бөтен көлікке отырмауын ескеріп отырғаны жөн.

Бастауыш сынып оқушыларының күнделігінің алғашқы беттері, яғни баланың аты - жөні, мектебі, сыныбы, мекен - жайы, үй телефоны, әке - шешесінің ұялы телефондары, мектеп телефоны толық жазылышп, баланың фотосы жапсырылуы тиіс. «Менің мектепке баар жолым» кестесі анық сыйылышп, қандай көшелерден, қандай қызылстан, қай үйлердің арасынан жүретіні қызыл бағытпен сыйылышп көрсетілуі тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының әсіресе 1 - 2 сынып оқушыларының мектепке әке - шешелері міндетті түрде өздері әкеліп - әкетуі керек.

Ата - ана баласына мектепке, көшеге, дүкенге барада үнемі мынаны ескеріп отыруы керек:

- Таныс емес, бөтен адаммен сөйлеспе;
- Мас және қауіпті адамнан алыс жүр;

- Бөтен адаммен подъезге, подвалға, лифтіге кірме;
- Сені артынан қуса, көп адамдар арасына жүгір.

Жалпы ата - ана баласының қайда және кіммен ойнап жүргенін білуі керек. Мектепке кешікпей баруын, үйге уақытысында келуін қадағалағаны абзal. Баланың жарақат алуы көбінесе мектеп пен үй арасында болады. Көшеде ұзақ ойнап жүріп қалған бала міндettі түрде қын жағдайға тап болуы мүмкін (балалармен ойнап жүріп ерегісіп, төбелесіп қалуы, бір - бірінің заттарын тартып алуы, бөтен бұзақы балалардың көзіне түсуі және олардың ақша талап етуі, дүкеннен жарылғыш заттарды сатып алып ойнауы, т. с. с.). Ата - ана балаға артық ақша бермеуі керек. Үшкір заттар мен газды балондар алып жүрмеуін қадағалауы қажет.

Көбінесе ата - ана жұмыста болып, бала үйде жалғыз қалатын кездер болады. Балаға техника қауіпсіздік ережелерін және мынаны ескертіп отыруы керек: үйде жалғыз қалғанда электр жүйесіне жақындау, газ плитасына тиіспеу, терезені ашпау, бөтен кісіге есік ашпау, т. с. с. Ата - анасының әрбір ескертуін ұмытпай, ереже талабын бұлжытпай орындаған балалардың әр түрлі сәтсіздіктен аулақ болатыны шындық.

Құрметті ата - ана, балаларыңызды жолда қараусыз қалдырмаңыз, жолда жүру ережесін сақтауда балаларыңызға үлгі болыңыздар. Егеменді еліміздің болашағы – балалар. Сондықтан бала өмірінің қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамайық.

[Бала өмірінің қауіпсіздігі маңызды жүктеу](#)